Қосымша Атқарушы комитет паралимпиадалық спорттың дамуына елеулі үлес қосқан және паралимпиадалық қозғалыстың дамуына қамқорлықты бөлісетін, оған қолдау көрсететін және ҚР ҰПК Жарғысын мойындайтын, 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары «Құрметті мүше» мәртебесін ұсына алады.

4.2. Ұлттық спорт федерациялары – ҚР ҰПК мүшелері оның қызметіне өз өкілдері арқылы қатысады. Бір ұлттық федерациядан немесе ҰМСҰ бір тұлға ғана сөз сөйлеу құқығымен және дауыс беруге қатысу құқығымен ҚР ҰПК толыққанды мүшесі бола алады. Ұлттық федерацияның немесе ҰМСҰ екінші тұлғасы тек сөз сөйлеу құқығымен ғана ҚР ҰПК мүшесі бола алады.

4.3. ҚР ҰПК мүшелері кіру және жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлейді.

4.4. ҚР ҰПК мүшелігіне қабылдау туралы шешімді ҰПК Атқарушы комитеті заңды тұлғаның – қоғамдық бірлестіктің ҚР ҰПК мүшелігіне ену туралы шешімінің негізінде қабылдайды. Заңды тұлғаның – қоғамдық бірлестіктің ҰПК мүшелігіне ену туралы шешімі осы қоғамдық бірлестіктің жарғысына сәйкес қабылдануы тиіс.

4.5. Заңды тұлғалар ҚР ҰПК өзінің мүшелігін кез келген уақытта тоқтата алады. Мүшелікті тоқтату туралы шешім осы Жарғының 4.9.т. және 4.10.т. белгіленген тәртіпте қабылданады.

4.6. ҚР ҰПК мүшелерінің құқықтары:

1) Бас Ассамблеяның отырыстарында ұсыныстар енгізу;

2) ҚР ҰПК құзыретінің шегінде ҚР ҰПК-нен қажетті ақпаратты, әдістемелік және өзге көмекті алу;

3) олардың мәртебесін бекітуге, халықаралық байланыстарды жүзеге асыруға, жарыстарды және басқа іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты ұйымдық мәселелерді шешуде ҰПК қолдауын пайдалану;

4) ҚР ҰПК іс-шараларына қатысу;

5) ҚР ҰПК қызметінің мәселелерін талқылау және жұмысты жақсарту жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

6) ішкі нормативтік құжаттармен және басқару органдарының шешімдерімен танысу;

7) ҚР ҰПК органдарының күн тәртібіне талқылау үшін мәселелерді қосу туралы ұсынысты енгізу;

8) ҚР ҰПК мүшелерінің құрамынан ерікті түрде шығу.

4.7. Жарғының 4.6. тармағында аталған құқықтарға қосымша ретінде ҰПК толыққанды мүшелері келесідей құқықтарға ие:

1) ҚР ҰПК Бас Ассамблеясына қатысу және дауыс беру;

2) ҚР ҰПК басқарушы және бақылау-ревизиялық органдарын, комиссияларын, жұмыс топтарын, кеңестерін сайлау және сайлану.

4.8. ҚР ҰПК мүшелерінің міндеттері:

1) ҚР ҰПК болжамы мен миссиясын әзірлеуге қатысу;

2) ҚР ҰПК Жарғысының ережелері мен талаптарын мойындау және сақтау;

3) ҚР ҰПК қызметіне қатысу;

4) осы Жарғымен айқындалған мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына септігін тигізу;

5) Бас Ассамблеяның, ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің және ҰПК Президентінің шешімдерінің орындалуын жүзеге асыру;

6) кіру және жыл сайынғы мүшелік жарналарды уақтылы төлеу;

7) ХПК Ережелер жинағының қағидаларын, ережелерін және талаптарын сақтау;

8) ҚР ҰПК, оның мүшелерінің беделіне зиян келтіруі мүмкін қасақана әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) болдырмау;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасын, оның ішінде допингке қарсы күрес мәселелері бойынша жөніндегі, Дүниежүзілік допингке қарсы кодекстің қағидаларын және оның дамуына қабылданған допингке қарсы ережелерді сақтау;

10) ҚР ҰПК басқарушы органдарын осы Жарғының аясындағы өз қызметі туралы ақпараттандыру;

11) мүшелердің құрамын дайындау, құру, бекіту және паралимпиадалық және паралимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды Паралимпиада ойындарына, Жасөспірімдер Паралимпиада ойындарына және басқа көшенді халықаралық спорттық іс-шараларға қатысуларын ұлттық спорттық федерациялар, дене шынықтыру және спорт саласындағы орталық және жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдармен әрекеттестікте қамтамасыз ету;

12) тиісті халықаралық федерациямен және олардың жарғылары мен қолданылатын нормаларына сай, өзара тығыз байланыста ҚР ҰПК мүше болуына байланысты өзінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

13) басқа міндеттерді көтеру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, ХПК Ережелер жинағымен, осы Жарғымен және

оған сәйкес қабылданған ҚР ҰПК басқа жергілікті нормативтік актілерімен қарастырылған талаптарды сақтау.

4.9. ҚР ҰПК-дегі мүшелік ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің шешімі бойынша келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) ҚР ҰПК мүшелігінен өз қалауынша шыққан жағдайда (ҚР ҰПК Президентінің атына жолданған жазбаша өтініштің негізінде);

2) ҚР ҰПК мүшесі – заңды тұлға таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда немесе ҚР ҰПК мүшесі – жеке тұлға қайтыс болған жағдайда.

4.10. ҚР ҰПК мүшесі ҚР ҰПК Жарғысына сәйкес ҚР ҰПК Атқарушы комитетімен ҚР ҰПК мүшелері құрамынан келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

1) ҚР ҰПК мүшесі осы Жарғының 4.1. т. белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда;

2) ҚР ҰПК Жарғысын өрескел бұзған жағдайда, оның ішінде осы Жарғының 4.8. т. ережелерін сақтамаған жағдайда; Бас Ассамблеяның, ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің, ҰПК Президентінің шешімдерін сақтамаған немесе орындамаған жағдайда;

3) кіру және мүшелік жарналарды төлемеген жағдайда;

4) ҚР ҰПК материалдық және басқа залал келтіретін әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді жасағаны үшін.

5. ҚР ҰПК ӨҢІРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

5.1. ҚР ҰПК, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, өз қызметін жарғылық мақсаттар мен міндеттерді шешу үшін, не болмаса ҚР ҰПК мүддесін қорғау және өкілдік ету үшін құрылатын құрылымдық бөлімшелер – ҚР ҰПК филиалдары немесе өкілдіктері арқылы (бұдан әрі – ҚР ҰПК өңірлік бөлімшелері) Қазақстан Республикасының аумағында, тиісінше, облыстарда, республикалық маңызы бар қалада және астанада жүзеге асырады.

5.2. Қазақстан Республикасының әрбір облысында, республикалық маңызы бар қалада және астанада тек бір ғана ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесі құрыла алады, олар арқылы ҚР ҰПК өз қызметін осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады. Өңірлік бөлімшелер қызметін ҚР ҰПК атынан жүзеге асырады.

5.3. Өңірлік бөлімшелер ҚР ҰПК мүлігіне иеленеді және ҚР ҰПК Атқарушы комитетімен бекітілетін Өңірлік бөлімше туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

5.4. ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің төрағасы ҚР ҰПК Атқарушы комитетімен сайланады.

5.5. ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің төрағасы:

1) ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің қызметіне жалпы жетекшілікті жүзеге асырады;

2) өңірлік бөлімшенің жұмыскерлері арасында қызметтік міндеттерді бөледі;

3) ҚР ҰПК басқарушы органдарының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарында және ұйымдарында ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесіне өкілдік етеді;

5) Атқарушы комитетмен бекітілетін шығындар сметасының шегінде осы Жарғыға және өз құзыретіне сәйкес ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің мүлігіне және құралдарына иелік етеді;

6) ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесімен салықтарды, алымдарды және басқа міндетті төлемдерді есептеудің және төлеудің дұрыстығы үшін жауап береді;

7) ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің міндетті есептілігін құрудың және тапсырудың дұрыстығы мен уақыттылығы үшін жауап береді;

8) ҚР ҰПК Атқарушы комитетіне ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті құрудың және тапсырудың дұрыстығы және уақыттылығы үшін жауап береді;

9) ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің құжаттарының сақтылығы үшін жауап береді;

10) ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің барлық жұмыскерлері үшін орындалуға міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығарады;

11) ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің мұрағатының дайындалуы және тиісті мемлекеттік органдарға берілуі үшін жауап береді;

12) заңнаманың талаптарына сәйкес еңбек шарттары бойынша ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің жұмыскерлерін жұмысқа алады және жұмыстан шығарады, ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінде бухгалтерлік есебінің жүргізілуін қамтамасыз етеді;

13) ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес өзге қызметтерді жүзеге асырады.

5.6. ҚР ҰПК өңірлік бөлімшесі Төрағасының өкілеттіктері ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

6. БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

6.1. ҚР ҰПК басқару органдары:

1) жоғарғы басқару органы – Бас Ассамблея;

2) тұрақты өрекет ететін атқарушы басқару органы – Атқарушы комитет (бұдан әрі Атқарушы комитет);

3) бақылаушы орган – Ревизиялық комиссия;

4) сабағаттық-кеңесші орган – Қамқоршылар кеңесі.

6.2. Өз міндеттерін орындаған кезде ҚР ҰПК басқару органдарының мүшелері және (немесе) олардың өкілдері әрқашан адал және ҚР ҰПК үздік мүддесінде өрекет етуге міндетті.

7. БАС АССАМБЛЕЯ

7.1. Бас Ассамблея ҚР ҰПК-нің барлық мүшелері кіретін ҚР ҰПК-нің жоғарғы басқару органы болып табылады. Бас Ассамблеяның отырыстарына ҚР ҰПК Президенті төрағалық етеді. Президент болмаған немесе мүмкін болмаған жағдайда, отырысқа Вице-президент немесе Президент уәкілеттік берген басқа адам төрағалық етеді.

7.2. Бас Ассамблеяның айрықша құзыретіне келесілер жатады:

1) ҚР ҰПК жарғысын бекіту, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу, жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

- 2) ҚР ҰПК қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімді қабылдау;
- 3) ҚР ҰПК қызметінің басым бағытталын айқындау;
- 4) ҚР ҰПК мүлігін қалыптастыру қағидаларын айқындау;
- 5) ҚР ҰПК Атқарушы комитетының және ҚР ҰПК Ревизиялық комиссиясының сандық құрамын айқындау;
- 6) ҚР ҰПК Президентін, Вице-президентін, Бас хатшысын, ҚР ҰПК Атқарушы комитетының басқа мүшелерін, Ревизиялық комиссияның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Атқарушы комитетмен қаржылық есептілікті ұсынудың тәртібін және мерзімділігін, сондай-ақ Ревизиялық комиссиямен тексерістерді жүргізу тәртібін айқындау;
- 8) ҚР ҰПК Атқарушы комитетының және ҚР ҰПК Ревизиялық комиссиясының есептемелерін бекіту;
- 9) ҚР ҰПК басқа заңды тұлғалардың құрылуына және қызметіне қатысу (қатысуды тоқтату) туралы шешімді қабылдау;
- 10) ҚР ҰПК филиалдарын немесе өкілдіктерін құру немесе қызметін тоқтату туралы шешімді қабылдау.

7.3. Бас Ассамблеяның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер, онымен ҚР ҰПК басқа органдарының қарауына беріле алмайды.

Бас Ассамблея жоғарғы басқару органы ретінде, осы Жарғыға сәйкес, ҚР ҰПК қызметінің кез келген мәселесін қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы.

7.4. Бас Ассамблея Атқарушы комитетның шешімінің негізінде жылына кем дегенде бір рет кезекті отырысқа шақырылады. Бас Ассамблеяның барлық қалған отырыстары кезектен тыс болып табылады.

Кезектен тыс отырысқа Бас Ассамблея келесідей шақырылады:

- ҚР ҰПК Атқарушы комитетының шешімімен;
- ҚР ҰПК Президентінің талабымен;
- ҚР ҰПК мүшелерінің жартысынан астамының талабымен;
- ҚР ҰПК Ревизиялық комиссиясының талабымен.

7.5. Бас Ассамблеяның кезектен тыс отырысын шақыру туралы өтінішхат/талап бастамашымен Президентке жолданады және Бас Ассамблеяның қарауына шығарылатын мәселелердің толық тізбесін және барлық материалдарды қосып, оларды қарастыру қажеттілігінің негіздемесін құрауы тиіс.

7.6. Бас Ассамблеяның отырысын өткізу күні, уақыты, орны Президентпен анықталады. Бас Ассамблеяның кезекті отырысының күн тәртібі Атқарушы комитетмен, кезектен тыс отырысының күн тәртібі Президентпен қалыптастырылады.

Бас Ассамблеяның кезекті отырысының өткізу күні, уақыты, орны және күн тәртібі туралы хабарландыру Президентпен ҚР ҰПК мүшелеріне жазбаша түрде кезекті Бас Ассамблеяны өткізуге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жолданады. Хабарландыру пошталық хабарламалар немесе электрондық пошта арқылы ҚР ҰПК мүшелерінің тізілімінде көрсетілген мекенжайлар бойынша жолданады. Пошталық хабарламада көрсетілген жөнелту күні хабарландыру күні болып саналады.

Президент ҚР ҰПК мүшелеріне Бас Ассамблеяның кезектен тыс отырысын өткізу туралы тиісті хабарландыруды Атқарушы комитет шақыру туралы шешімді шығарған сәттен бастап немесе кезектен тыс Бас Ассамблеяны шақыру туралы

тиісті жазбаша талапты алған сәттен астап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, бірақ Бас Ассамблеяның кезектен тыс отырысын өткізу күніне дейінгі 2 аптадан кешіктірмей жолданады.

7.7. Президент кезектен тыс Бас Ассамблеяның шақырылуына бастамашыдан кезектен тыс Бас Ассамблеяның қарауына шығарылатын мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті жетіспейтін материалдарды сұратуға құқылы. Бұл жағдайда кезектен тыс Бас Ассамблеяны шақыру туралы хабарландыруды жолдау үшін мерзімнің ағыны үзіледі және сұратылған жетіспейтін материалдарды алған сәттен бастап қайта есептеу басталады.

7.8. Кезекті Бас Ассамблеяның күн тәртібіне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу, қарастыруға ұсынылатын мәселелерді көрсетіп және оларды қарастыру қажеттілігін негіздеп, сондай-ақ оған барлық материалдарды қосып, кезекті Бас Ассамблеяны өткізу туралы хабарландыруды алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде ҚР ҰПК мүшелерімен өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жөніндегі жазбаша ұсынысты Президенттің атына жолдау арқылы жасауға болады. Президент күн тәртібінің ұсынылған өзгертулерімен және толықтыруларымен келіскен жағдайда, ҚР ҰПК мүшелеріне күн тәртібін өзгерту туралы хабарландыруды Бас Ассамблеяның кезекті отырысын өткізу күніне дейінгі кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолдайды.

7.9. Бас Ассамблеяның кезектен тыс отырысының күн тәртібін өзгертуге, қатысып отырған ҚР ҰПК мүшелерінің бірауыздан қабылданған шешімінің негізінде, Бас Ассамблея отырысының өзінде рұқсат етіледі.

7.10. Күн тәртібінің барлық мәселелері қарастырылып отырған мәселенің мазмұны туралы бір мәнді тұжырым жасауға мүмкіндік беретін нақты тұжырымдамаларға ие болуы тиіс. ҚР ҰПК мүшесімен дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде ҚР ҰПК басқа мүшесіне беруіне рұқсат етілмейді.

7.11. Бас хатшыны (немесе ол болмаған кезде оны төраға тағайындайтын Атқарушы комитеттің мүшесі) Бас Ассамблеяның Хатшысы болып тағайындаланады және Бас Ассамблеяның отырыстарының хаттамаларын жүргізуге жауап береді.

7.11. ҚР ҰПК қатысып отырған мүшелерінің дауыстарының қарапайым көпшілігімен Бас Ассамблея Бас Ассамблеяның төрағалық етушісін және хатшысын сайлайды.

7.12. Дауыстарды санау және дауыс беру қорытындысын шығару Бас Ассамблеяның хатшысымен жүзеге асырылады.

7.13. Бас Ассамблеяның кворумы бар және егер оның отырысына ҚР ҰПК мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

7.14. Бас Ассамблеяның отырысындағы шешімдер, кворум болған жағдайда, Бас Ассамблея қатысып отырған мүшелерінің қарапайым көпшілігімен қабылданады, Жарғының 7.2. тармағының 1), 2), 6) және 8) тармақшаларымен қарастырылған мәселелерді есептемегенде, олар бойынша шешімдер кворум болған жағдайда, Бас Ассамблеяға қатысып отырған мүшелердің үштен екі дауысын құрайтын айқын көпшілігімен қабылданады.

7.15. Бас Ассамблеяның шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, ол Бас Ассамблея отырысын өткізген күннен бастап (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Бас Ассамблеяның төрағалық етушісімен және хатшысымен қол қойылуы, ҚР ҰПК мөрімен куәландырылуы тиіс.

7.16. Бас Ассамблея Отырысының хаттамасында келесілер болуы тиіс:

- 1) ҚР ҰПК толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Бас Ассамблеяны өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) Бас Ассамблеяның төрағалық етушісі мен хатшысы туралы мәліметтер;
- 4) Бас Ассамблеяға қатысқан ҚР ҰПК мүшелері туралы мәліметтер;
- 5) шешімдерді қабылдау үшін кворумның болуы туралы мәліметтер;
- 6) Бас Ассамблеяның күн тәртібі;
- 7) Бас Ассамблеяның күн тәртібінің әрбір мәселелері бойынша дауыс беру

нәтижесін көрсетіп, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- 8) қабылданған шешімдер;
- 9) төрағалық етушінің және хатшының қолдары.

Бас Ассамблея отырыстарының хаттамалары Бас хатшыда жауапты сақтауда болады.

8. АТҚАРУШЫ КОМИТЕТ

8.1. Атқарушы комитет, осы Жарғымен Бас Ассамблеяның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді есептегенде, ҚР ҰПК қызметінің жалпы жетекшілігін жүзеге асыратын алқалы тұрақты әрекет ететін басқару органы болып табылады. ҚР ҰПК Атқарушы комитеті Бас Ассамблеяға есепті.

Атқарушы комитет кем дегенде 4 (төрт) мүшеден тұрады, олардың біреуі паралимпиадашы-спортшылардың өкілі болуы тиіс. Паралимпиадашы-спортшылардың өкілдерін есептегенде, Атқарушы комитетның барлық мүшелері Бас Ассамблеямен 4 (төрт) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Атқарушы комитет мүшелері жаңа мерзімге Бас Ассамблеямен 2 (екі) рет сайлана алады.

8.2. Атқарушы комитетның ұйымдық қызметіне Президент жетекшілік етеді. Президент болмаған кезде оның міндеттерін ҚР ҰПК вице-президенті немесе Президент уәкілеттік берген басқа адам орындайды.

8.3. Атқарушы комитет мүшесі басқа төленетін қызметпен айналысуға, сонымен қатар басқа заңды тұлғалардың басқару органының мүшесі болуға құқылы.

8.4. Атқарушы комитетның айрықша құзыретіне келесілер жатады:

- 1) ҚР ҰПК жаңа мүшелерін қабылдау және ҚР ҰПК мүшелерінің қатарынан шығару туралы шешімді қабылдау;
- 2) Республикалық және (немесе) өңірлік спорт федерацияларды және басқа да спорттық ұйымдарды мойындау туралы шешімді қабылдау;
- 3) стратегияларды, жоспарларды, ережелерді, нұсқаулықтарды және ҚР ҰПК өзге бағдарламалық құжаттары мен саясаттарын бекіту;
- 4) ҚР ҰПК кеңестері, комиссиялары, комитеттері және жұмыс топтары туралы ережелерді бекіту;
- 5) ҚР ҰПК филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекіту, ҚР ҰПК филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын сайлау;
- 6) ҚР ҰПК ішкі нормативтік құжаттарын бекіту, сонымен қатар Бас хатшымен бекітілетін ішкі нормативтік құжаттардың тізбесін бекіту;

7) ҚР ҰПК бюджетін бекіту, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;

8) Бас Ассамблеяның кезекті отырысының күн тәртібін анықтау;

9) Паралимпиадалық команданы қалыптастыру тәртібін және қағидаларын бекіту;

10) ҚР ҰПК Президентін сайлау тәртібін бекіту және ҚР ҰПК Президентінің ұсынысы бойынша вице-президенттерді ҚР ҰПК жекелеген бағдарламаларының дайындалуын және іске асырылуын ұйымдастыру үшін жауапты басшылар ретінде анықтау;

11) атаулы құны 1 000 000 (бір миллион) теңгеден асатын ҚР ҰПК мүлігін иеліктен айыруға байланысты мәмілелерді, сондай-ақ тиісті қаржылық жылға ҚР ҰПК бекітілген бюджетімен қарастырылмаған 10 000 000 (он миллион) теңгеден асатын сомаға немесе шетелдік валютадағы баламалы сомаға ҚР ҰПК міндеттемелерінің туындауына алып келетін немесе алып келуі мүмкін мәмілелерді, ҚР ҰПК пайдасына үшінші тұлғалардан қайырымдылық және демеушілік көмек туралы шарттарды есептемегенде, мүдделер жанжалының болуы болжамданатын мәмілелерді ҚР ҰПК бекітуі туралы шешімді қабылдау;

12) жоғарғы басқару органының (мүшесі ҚР ҰПК болып табылатын, не болмаса акциялары (қатысу үлестері) ҚР ҰПК тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының) құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімді қабылдау;

13) ҚР ҰПК қызметі нәтижелері туралы ҚР ҰПК жылдық есептемесін бекіту;

14) ҚР ҰПК жұмыскерлерінің, ұйымдық құрылымының және штаттық кестесінің жалпы санын бекіту;

15) еңбекті төлеу шарттары туралы шешімді қабылдау;

16) ҚР ҰПК аудитін өткізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау;

17) Бас Ассамблеямен қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;

18) ҚР ҰПК-дегі мүшелік туралы ережені, оның ішінде мүшелік жарналар саясатын, оған қоса кіру және мүшелік жарналарды төлеу мөлшерін, тәртібін және мерзімін бекіту;

19) Республикалық және (немесе) өңірлік спорт федерацияларды және басқа да спорттық ұйымдарды мойындау тәртібін бекіту;

20) Бас Ассамблеяның айрықша құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер бойынша шешімді қабылдау.

8.5. Атқарушы комитет отырыстары Президентпен қажеттілігіне қарай өз бастамасы бойынша шақырылады, ал ол болмаған жағдайда ҚР ҰПК Бас хатшысымен, Вице-Президентімен немесе Атқарушы комитет мүшелерінің және Ревизиялық комиссияның шешімі бойынша.

8.6. Атқарушы комитет отырысын шақыру туралы талапта Атқарушы комитетның қарауына шығарылатын мәселелердің толық тізбесі және оларды қарастыру қажеттілігінің негіздемесі болуы тиіс.

8.7. Президент отырыстың күнін, уақытын, орнын және күн тәртібін анықтайды және барлық қажетті материалдарды қосып, отырысты шақыру туралы тиісті жазбаша талапты алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде Атқарушы комитет отырысын шақыру туралы тиісті хабарландыруды Атқарушы комитет мүшелеріне жолдайды.

8.8. Алдағы отырыс туралы хабарландыру материалдарымен бірге Атқарушы комитетның барлық мүшелеріне электронды байланыс арқылы Атқарушы комитет мүшелерімен ұсынылған электронды мекенжайларына және (немесе) қағаз нұсқасында жолданады.

8.9. Шешімдерді қабылдау үшін кворум Атқарушы комитет мүшелерінің санынан кем дегенде жартысын құрайды.

8.10. ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің әрбір мүшесі шешімдерді қабылдаған кезде бір дауысқа ие болады. Шешімдер ашық дауыс берумен, дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, дауыс беру кезінде ҚР ҰПК Президенті дауыс берген шешім қабылданған болып саналады, ал ол орнында болмаған жағдайда ҚР ҰПК Бас хатшысының, ҚР ҰПК Атқарушы комитеті қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің мүшесі, ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің отырысының материалдарына қосылуға жататын ерекше пікірді жазбаша түрде білдіруге құқылы.

8.11. ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің отырыстарын ҚР ҰПК Президенті жүргізеді, ал ол орнында болмаған жағдайда – ҚР ҰПК Бас хатшысы. Олар орындарында болмаған жағдайда – ҚР ҰПК Президентінің жекелеген тапсырмасы бойынша отырысты ҚР ҰПК вице-президенттерінің бірі жүргізеді.

8.12. ҚР ҰПК Президентінің немесе оның орнын басатын тұлғаның шешімі бойынша, ерекше жағдайларда ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің отырыстары сырттай нысанда сауалнама парақтарының немесе олардың нысандарының көмегімен электронды түрде электронды коммуникациялар құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін.

Сауалнама парағында мыналар болуы тиіс:

- ҚР ҰПК Атқарушы комитеті мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты;
- ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің мүшесіне сауалнама парағын жолдау күні;
- ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің мекенжайына дауыс беру нәтижелерін жолдау мерзімі;
- дауыс беруге қойылған әрбір мәселенің тұжырымдамасы және оны қарастыру кезектілігі;
- «қолдаймын», «қарсымын» немесе «қалыс қалды» тұжырымдамаларымен білдірілген, дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;
- сауалнама парағына ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің мүшесі қол қоюы тиіс деген нұсқама.

8.13. Егер сауалнама парақтарының көмегімен дауыс беруге ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің мүшелері санының жартысынан астамы қатысса, сырттай нысанда өткізілетін ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің отырысы заңды болып саналады.

Сауалнама парақтарының көмегімен жүзеге асырылатын дауыс беру кезінде, дауыс берушілерге дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана қалдырылған дауыс есептеледі. Жоғарыда аталған талап бұзылып толтырылған сауалнама парақтары жарамсыз деп танылады және ондағы мәселелер бойынша дауыстар есептелмейді.

8.14. Егер сауалнама парағында дауыс беруге қойылған бірнеше сұрақтар болса, бір немесе бірнеше мәселелерге қатысты жоғарыда көрсетілген талаптың

сақталмауы, жалпы сауалнама парағының жарамсыз деп танылуына алып келмейді.

8.15. ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің барлық мүшелері өздерінің қызметтік міндеттерін қоғамдық негіздерде орындайды. Өкілеттіктерді өз еркімен тоқтатқан жағдайда, не болмаса Атқарушы комитет мүшелері сайланған мерзім өткен жағдайда, соңғылары Бас Ассамблея жаңа мүшелерді сайлағанға дейін міндеттерін орындауын жалғастырады.

8.16. Президент Атқарушы комитет отырыстарында төрағалық етеді. Атқарушы комитет отырысы квору болған жағдайда, жарияланған уақытта ашылады.

8.17. ҚР ҰПК Атқарушы комитеті отырысының кворумы саналған кезде, отырысқа қатыспаған, бірақ Атқарушы комитет отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікірін ұсынған, Атқарушы комитет мүшелері ескеріледі.

8.18. Атқарушы комитетнің отырысына қатысуы отырыстың күн тәртібіндегі тиісті мәселені талқылау үшін қажет бас тұлғалар Атқарушы комитет отырысына шақыртылуы мүмкін. Отырысқа қатысқан, шақыртылған тұлғалардың тізімі хаттамаға енгізіледі.

8.19. Атқарушы комитет отырысының күн тәртібін өзгертуге, отырысқа Атқарушы комитет мүшелерінің барлығы қатысқан шартта, Атқарушы комитет отырысының күн тәртібін өзгерту туралы бірауыздан қабылданған шешінің негізінде Атқарушы комитет отырысының тікелей өзінде рұқсат етіледі.

8.20. Атқарушы комитет мүшесі отырысқа қатысуға міндетті немесе отырысқа қатыспау себебін көрсетіп, отырысқа қатысуының мүмкін еместігі туралы Президентті алдын ала хабардар етуге міндетті. Егер Атқарушы комитет мүшесі отырысқа қатыса алмаса, ол қарастырылатын мәселелер бойынша өзінің жазбаша пікірін ұсынуға құқылы.

8.21. Жазбаша пікір Атқарушы комитет мүшесімен Атқарушы комитет отырысын өткізгенге дейін ұсынылуы тиіс. Кейіннен түпнұсқасын ұсыну шартында, жазбаша пікірді электронды поштамен ұсынуға рұқсат етіледі.

8.22. Жазбаша пікір кворумды растаған кезде және отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындысын шығарған кезде ескеріледі.

8.23. Президент пікір білдірілген күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беру басталғанға дейін Атқарушы комитет мүшесінің отырысында жоқ мүшенің жазбаша пікірін жариялауға міндетті.

8.24. Егер бұдан бұрын жазбаша пікірін жолдаған Атқарушы комитет мүшесі Атқарушы комитетнің тиісті отырысына жеке өзі қатысуы үшін келген жағдайда, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санағанда Атқарушы комитет отырысының кворумын анықтаған кезде оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

8.25. Атқарушы комитетнің шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, бұл хаттама отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей, Президентпен, отырысқа жеке өздері қатысқан Атқарушы комитетнің барлық мүшелерімен қол қойылуы, ҚР ҰПК мөрімен куәландырылуы және онда келесілер болуы тиіс:

- 1) ҚР ҰПК толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Атқарушы комитет отырысын өткізу күні, уақыты және орны;

3) отырысқа қатысқан және қатыспаған Атқарушы комитет мүшелері туралы мәліметтер;

4) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікірлерін ұсынған Атқарушы комитет мүшелері туралы мәліметтер;

5) Атқарушы комитет отырысына шақыртылған тұлғалар туралы мәліметтер;

6) шешімдерді қабылдау үшін кворумның болуы туралы мәліметтер;

7) отырыстың күн тәртібін;

8) Атқарушы комитет отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Атқарушы комитетның әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетіп, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

9) қабылданған шешімдер.

8.26. ҚР ҰПК Атқарушы комитеты мүшесінің өкілеттіктері келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) ҚР ҰПК Атқарушы комитеты мүшелерінің құрамынан өз еркімен шыққан жағдайда (ҚР ҰПК Президентінің атына жолданған жазбаша өтініштің негізінде);

2) ҚР ҰПК Жарғысын өрескел бұзған жағдайда, оның ішінде ҚР ҰПК Бас Ассамблеясының, Атқарушы комитетының шешімдері сақталмаған немесе орындалмаған жағдайда;

3) ҚР ҰПК материалдық және басқа залалды келтіретін әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді жасағаны үшін.

9. ҚР ҰПК ПРЕЗИДЕНТІ

9.1. ҚР ҰПК Президенті Бас Ассамблеямен жаңа мерзімге қайта сайлану құқығымен 4 жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

9.2. Өкілеттіктеріне сәйкес ҚР ҰПК Президенті:

1) халықаралық, шетелдік және мемлекетішілік ұйымдарда, мемлекеттік органдар мен мекемелерде ҚР ҰПК өкілдік етеді;

2) ҚР ҰПК атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) нысаналы, ағымдағы бағдарламаларды және спорттық іс-шараларды бекітеді;

4) Бас хатшымен Атқарушы комитетке бекітуге ұсынылатын есептемелердің тізбесін және нысандарын, және оларды ұсыну мерзімдерін бекітеді;

5) Атқарушы комитетның және Бас хатшының Бас Ассамблея шешімдерінің орындауына бақылауды жүргізеді;

6) Өзі орнында болмаған уақытқа өз өкілеттіктерін Бас хатшыға немесе ҚР ҰПК Атқарушы комитетының мүшелерінің біріне делегирлейді;

7) филиалдар мен өкілдіктердің басшыларына сенімхаттар береді;

8) Бас хатшының қызметіне ағымдағы жетекшілікті жүзеге асырады, оған тапсырмалар береді және олардың орындалуын бақылайды, өз шешімімен лауазымды тұлғалармен немесе ҚР ҰПК басқару органдарымен алдын ала келістіруге жататын Атқарушы орган құзыретіне кіретін мәселелердің тізбесін айқындайды;

9) ҚР ҰПК жұмыскерлеріне сыйлықақы беру туралы шешімді қабылдайды;

10) осы Жарғыға сәйкес Атқарушы комитетның және/немесе Бас Ассамблеяның айрықша құзыретіне жатқызылған әрекеттерді есептегенде, ҚР ҚР ҰПК жарғылық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті өзге әрекеттерді жүзеге асырады;

10. ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТТЕР

10.1. Вице-президенттер ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің мүшесі болып табылады және Бас Ассамблеяның шешімімен 4 жылдан аспайтын мерзімге жаңа мерзімге қайта сайлану құқығымен сайланады.

10.2. Вице-президенттер әлеуметтік іс-шараларға, бағдарламалар мен жобаларға, соның ішінде халықаралық жобаларға, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу мәселелері бойынша, дене тәрбиесі және спорт саласындағы шетелдік серіктестермен өзара іс-қимыл туралы ұсыныстар дайындайды.

11. БАС ХАТШЫ

11.1. Бас хатшы ҚР ҰПК әкімшілік аппаратының басшысы және Бас Ассамблеяның шешімінің негізінде жаңа мерзімге шексіз рет қайта сайлану құқығымен 4 жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

11.2. Атқарушы органның құзыретіне келесілер жатады:

- 1) ҚР ҰПК ағымдағы қызметін қамтамасыз ету;
- 2) осы Жарғының 8.4 тармағының 11) тармақшасының талаптарын ескеріп, ҰПК мүлігіне иелік ету;
- 3) ҚР ҰПК бекітілген бюджетінің шегінде ҚР ҰПК ақшалай қаражаттарын жұмсау;
- 4) ҚР ҰПК атынан мәмілелерді, оның ішінде ҚР ҰПК Шешімімен оларды бекіту туралы шешімді қабылдағаннан кейін жекелей мәмілелерді жасасу, шарттарға, оның ішінде ҚР ҰПК барлық қызметкерлерімен еңбек шарттарына, келісімшарттарға, келісімдерге, хаттамаларға, есептемелер актісіне, төлем, есептік және басқа құжаттарға қол қою;
- 5) бірінші қол қою құқығымен қаржылық, банктік және басқа құжаттарға қол қою, ағымдағы шоттарды ашу және жүргізу;
- 6) ҚР ҰПК мүддесіне сенімхатсыз өкілдік ету;
- 7) ҚР ҰПК барлық қызметкерлерінің, сондай-ақ тартылатын мамандардың қызметіне бақылау орнату;
- 8) ҚР ҰПК қызметінің бағдарламаларының жүзеге асырылуына жетекшілік ету;
- 9) ҚР ҰПК қызметінің нәтижесі бойынша жыл сайынғы есептемені жасау;
- 10) Бас Ассамблеяның және Атқарушы комитетның шешімдерін орындау;
- 11) ҚР ҰПК Атқарушы комитетімен бекітілетін тізбеге сәйкес ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- 12) ҚР ҰПК басқарушы органдарының мәжілістерін ұйымдастыру, ҚР ҰПК осы отырыстарында хаттамалардың жүргізілуін ұйымдастыру;
- 13) ҚР ҰПК Президентінің тапсырмасы бойынша басқару органдары отырыстарының сырттай дауыс беруді ұйымдастыру;

14) ҚР ҰПК ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Бас хатшының құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

11.3. Бас хатшы оған жүктелген міндеттердің орындалуы үшін Президенттің алдында есепті және бақылауында.

Алдын ала келістірілуді талап ететін мәселелер бойынша, Бас хатшы қабылданатын шешімдерді лауазымды тұлғалармен немесе ҚР ҰПК басқару органдарымен алдын ала келістіреді.

11.4. Бас хатшы Жарғыны, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзып, шешім қабылдауы салдарынан ҚР ҰПК келтірілген залал үшін заңнамамен қарастырылған тәртіпте жауапкершілік көтереді.

12. РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯ

12.1. Ревизиялық комиссия ҚР ҰПК бақылаушы органы болып табылады, 5 адамнан аспайтын құрамда құралады. Ревизиялық комиссияның мүшелері Бас Ассамблеямен 4 жыл мерзімге сайланады. ҚР ҰПК Атқарушы комитетінің мүшелері және Бас хатшы Ревизиялық комиссияның мүшелері бола алмайды.

Ревизиялық комиссияның төрағасы Ревизиялық комиссияның мүшелерімен Ревизиялық комиссия мүшелерінің бірінші ұйымдық отырысында ашық дауыс берумен дауыстардың қарапайым көпшілігімен комиссия мүшелерінің қатарынан 4 жыл мерзімге сайланады.

12.2. Ревизиялық комиссия Бас Ассамблеяға есепті.

Ревизиялық комиссия келесілерді ұсынады:

- 1) Бас Ассамблеяға ҚР ҰПК қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептемені;
- 2) ҚР ҰПК Атқарушы комитетіне ҚР ҰПК қаржы-шаруашылық қызметі туралы жыл сайынғы ақпаратты.

12.3. Ревизиялық комиссияның құзыретіне келесілер жатады:

- 1) ҚР ҰПК қаржы-шаруашылық қызметінің ревизиясын өткізу;
- 2) Бас Ассамблеяның бекітуіне өзінің жұмысы туралы есептемелерді және ҚР ҰПК Атқарушы комитетіне жыл сайынғы ақпаратты;
- 3) өз құзыретінің шегінде ҚР ҰПК қаржы-шаруашылық қызметі бойынша ҚР ҰПК басқарушы органдарына ұсыныстарды, ескертулерді енгізу;
- 4) Бас Ассамблеяның кезектен тыс отырысын шақыру.

ҚР ҰПК қаржы-шаруашылық қызметін тексеру Ревизиялық комиссиямен өз бастамасы бойынша, Бас Ассамблеяның немесе Президенттің тапсырмасы бойынша өткізіледі. Ревизиялық комиссия ҚР ҰПК барлық құжаттамасына қолжетімділік құқығына ие.

12.4. Ревизиялық комиссия ол Бас Ассамблеямен бекітілгенге дейін ҚР ҰПК қаржылық есептілігінің тексерісін жүргізеді. Қаржылық есептілікті Бас Ассамблея тек Ревизиялық комиссияның немесе ҚР ҰПК Атқарушы комитет мүшелерімен, Бас хатшымен мүліктік мүдделермен байланысты емес сыртқы аудиторлық ұйымның қорытындысы болған жағдайда ғана бекітіледі.

12.5. Ревизиялық комиссияның отырыстары Төрағамен қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кем дегенде бір рет шақырылады. Егер Ревизиялық комиссияның отырысына оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, Ревизиялық комиссияның отырысы заңды болып саналады. Ревизиялық комиссияның

шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

13. ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІ

13.1. Қамқоршылар кеңесі ҚР ҰПК сабағаттық-кеңесші органы болып табылады.

13.2. Қамқоршылар кеңесінің кандидаттары және сандық құрамы Атқарушы комитетмен 4 жылдан аспайтын мерзімге мемлекеттік органардың, түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы және меншік нысанындағы ұйымдардың өкілдерінен, спортшылардан, саясаттың, мәдениеттің көрнекті қайраткерлерінің және ҚР ҰПК қызметін дамыту және жетілдіру бағдарламасын қаржыландыруға және қолдауға мүдделі басқа тұлғалардан сайланады.

13.3. Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Атқарушы комитетмен Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің қатарынан тағайындалады және оның қызметіне жетекшілік етеді.

13.4. Қамқоршылар кеңесінің отырыстары жылына кем дегенде бір рет өткізіледі.

13.5. Қамқоршылар кеңесінің қызметі Атқарушы комитетмен бекітілген Қамқоршылар кеңесі туралы ережемен регламенттеледі.

14. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

14.1. Осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар, Жарғыны бекіту үшін қарастырылған тәртіпте, Бас Ассамблеяның отырысында қабылданады және бекітіледі.

14.2. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды енгізу құқығы Президентке жолданған жазбаша өтінімнің негізінде немесе Атқарушы комитетның шешімі бойынша ҚР ҰПК мүшесіне тиесілі.

14.3. Жарғыға өзгертулерді енгізу жөніндегі келіп түскен ұсыныстар жинақталады және бекіту үшін Бас Ассамблеяның отырысына Жарғының жобасы түрінде (жаңа редакция ретінде немесе Жарғыға өзгертулер мен толықтыруларды енгізу ретінде) шығарылады.

15. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

15.1. ҚР ҰПК Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін. ҰПК қайта ұйымдастыру, тарату туралы шешім Бас Ассамблеямен қабылданады.

15.2. ҚР ҰПК тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және мерзімде Бас Ассамблеямен немесе сотпен тағайындалатын тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

15.3. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап ҚР ҰПК істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер тарату комиссиясына ауысады.

15.4. ҚР ҰПК таратылған жағдайда оның меншігі немесе оны сатудан алынған қаражат ҚР ҰПК мүшелерінің арасында бөліне алмайды.

15.5. ҚР ҰПК таратылғаннан кейін қалған мүлік пен қаржы құралдары осы Жарғымен қарастырылған мақсаттарға жолданады, сонымен қатар заңнамамен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және сол немесе соған жақын мақсаттарды көздейтін коммерциялық емес ұйымға берілуі мүмкін.

16. ҚР ҰПК МҮЛІГІ ЖӘНЕ ҚАРАЖАТЫ

16.1. ҚР ҰПК меншігінде жер телімдері, ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй қоры, көлік, жабдық, құрал-сайман, спорттық, мәдени-ағарту және сауықтыру тағайындамасындағы мүлік, ақшалай қаражат, акциялар, басқа бағалы қағаздар және ҚР ҰПК қызметін материалдық қамсыздандыру үшін қажетті басқа мүлік болуы мүмкін.

ҚР ҰПК меншігінде заңнаманың талаптарына сәйкес сонымен қатар мекемелер, баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары болуы мүмкін (оның ішінде қосымша білім беру және жарғылық мақсаттарына сәйкес ҚР ҰПК құралдарының мекемелері).

16.2. ҚР ҰПК мүлігін материалдық және материалдық емес активтерде қалыптастыру көздері келесілер болып табылуы мүмкін:

1) ҚР ҰПК-не ҚР ҰПК мүшелерімен немесе басқа тұлғалармен, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және ұйымдармен берілген жылжымалы және жылжымайтын мүлік;

2) ҚР ҰПК белгіленген тәртіпте берілген мемлекеттік бюджеттің қаражаты, оның ішінде нысаналы тағайындамадағы, субсидиялар, сыйлықақылар, гранттар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс түрінде;

3) демеушілік және қайырымдылық көмек, гранттар;

4) меншікті қаражат есебінен сатып алынатын мүлік;

5) олар үшін орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ұйымдардан және азаматтардан келіп түсетін қаражат;

6) мүшелік жарналар, ерікті мүліктік жарналар және ұйымның қайыры;

7) өткізілетін оқыту семинарларынан, көрмелерден, спорттық және өзге іс-шаралардан түсімдер;

8) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан алынған табыстар, сонымен қатар бұл табыстың есебінен сатып алынған мүлік;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа түсімдер.

16.3. Осы Жарғымен ҚР ҰПК рұқсат етілген ақылы қызмет түрінен табыс түрінде ҰПК алған қаражат және бұл табыстың есебінен сатып алынған мүлік, салықтарды және басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін ҚР ҰПК қолданысына, иелігіне және билігіне түседі.

16.4. ҚР ҰПК қаражаты жарғылық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қолданылады. Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс ҚР ҰПК мүшелерінің арасында бөліне алмайды.

16.5. Мүліктің меншіктенушісі ҚР ҰПК болып табылады. ҚР ҰПК мүшелері ҚР ҰПК мүлігіне меншік құқығына ие емес.

16.6. Мүлік меншіктенушісінің құқықтарын ҚР ҰПК атынан ҚР ҰПК Атқарушы комитеты, не болмаса онымен уәкілетті етілген тұлға жүзеге асырады.

16.7. ҚР ҰПК-не материалдық және материалдық емес активтердің түсуі жүзеге асырылған кезде, коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымның ҚР ҰПК тәуелсіздігіне және абыройына ықпал ету мүмкіндігіне жол бермеуі тиіс.

Осы Жарғы жаңа редакцияда 2023 жылғы "13" желтоқсанда Астана қаласында өткен ҚР ҰПК Бас Ассамблеясының отырысында қабылданды және Бас Ассамблеяның 13.12.2023 жылғы №18 хаттамасы бекітілген күннен бастап күшіне енеді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЕЛДІК БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ОРДАНЫ

2024 ж. қ. 16 с. Қазығаш

